

Павлодар облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қарашадағы "Павлодар облысының спортшыларына ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" № 353/6 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2021 жылғы 3 ақпандағы № 38/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 9 ақпанда № 7208 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңының 8-бабы 1-тармағы 20-4) тармақшасына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қарашадағы "Павлодар облысының спортшыларына ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" № 353/6 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5699 болып тіркелген, 2017 жылғы 4 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Павлодар облысының туризмді және спортты дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Б. Шаяхметовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі

A. Скаков

Павлодар облысы әкімдігінің

2021 жылғы 3 ақпандағы

№ 38/2 қаулысына

қосымша

Павлодар облысы әкімдігінің

2017 жылғы "14" қарашадағы

№ 353/6 қаулысына

1-қосымша

Павлодар облысының спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына

кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың іналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың

жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы

ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшері

P/ с №	Жарыстардың атауы	Спорттық жарыстардың нәтижесі	Ай сайынғы ақшалай жабдықталым мөлшері айлық есептік көрсеткіштерде (бұдан әрі-AEK)
1	Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	150 АЕК
		2 орын	120 АЕК
		3 орын	100 АЕК
		4-6 орын	80 АЕК
		Олимпиада ойындарына қатысу	70 АЕК
	Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындар (жазғы, қысқы)	Олимпиада ойындарына қатысуға лицензияны жеңіп алу	60 АЕК
		1 орын	150 АЕК
		2 орын	120 АЕК
		3 орын	100 АЕК
		4-6 орын	80 АЕК
2	Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындар (жазғы, қысқы)	Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындарына қатысу	70 АЕК
		Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындарына қатысуға лицензияны жеңіп алу	60 АЕК
		1 орын	120 АЕК
		2 орын	110 АЕК
3	Азия ойындары (спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жазғы, қысқы), Азия Паралимпиадалық ойындары	3 орын	100 АЕК
		1 орын	100 АЕК

4	Әлем чемпионаты, Әлем Кубогының Финалы (спорттың олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық түрлері бойынша)	2 орын 3 орын	80 АЕК 70 АЕК
5	Әлем Кубогының кезеңі (спорттың олимпиадалық түрлері бойынша)	1 орын 2 орын 3 орын	90 АЕК 70 АЕК 60 АЕК
6	Жасөспірімдер арасындағы олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын 2 орын 3 орын	60 АЕК 50 АЕК 40 АЕК
7	Азия чемпионаты (спорттың олимпиадалық, ұлттық, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық түрлері бойынша)	1 орын 2 орын 3 орын	70 АЕК 60 АЕК 50 АЕК
8	Азиялық-Тынықмұхит ойындары (спорттың сурдлимпиадалық түрлері бойынша), Бұкіләлемдік ойындары (IWAS, IBSA)	1 орын 2 орын 3 орын	70 АЕК 60 АЕК 50 АЕК
9	Жастар, юниорлар арасындағы Әлем чемпионаты (спорттың олимпиадалық түрлері бойынша), Дүниежүзілік Универсиада (жазғы, қысқы)	1 орын 2 орын 3 орын	60 АЕК 50 АЕК 40 АЕК
10	Жасөспірімдер, кадеттер арасындағы Әлем чемпионаты (спорттың олимпиадалық түрлері бойынша), жастар, юниорлар арасындағы Азия чемпионаты (спорттың олимпиадалық түрлері бойынша)	1 орын 2 орын 3 орын	35 АЕК 25 АЕК 20 АЕК
11	Қазақстан Республикасының чемпионаты (спорттың олимпиадалық және ұлттық түрлері бойынша), Қазақстан Республикасының спартакиадасы (спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жазғы, қысқы)	1 орын 2 орын 3 орын	40 АЕК 20 АЕК 15 АЕК
12	Жастар ойындары (жазғы, қысқы), жастар, юниорлар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлері бойынша)	1 орын	15 АЕК
13	Тірек-қымыл аппаратының, есту, көру мүшелерінің закымдануымен мүгедек спортшылар арасындағы Қазақстан Республикасының Паралимпиялық ойындары, Қазақстан Республикасының чемпионаты	1 орын 2 орын 3 орын	40 АЕК 20 АЕК 15 АЕК

Аббревиатуралардың түсіндірмесі:

IWAS - International Wheelchair and Amputee Sports Federation (Арбамен жүретін және ампутанттардың халықаралық спорт федерациясы);

IBSA - International Blind Sports Federation (Көру қабілеті нашар адамдарға арналған халықаралық спорт федерациясы).